

## Апелляциялық комиссия туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2018 жылғы 4 тамыздағы № 1221 бұйрығы.

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-1 бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына және "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Әділет министрінің 05.07.2022 № 549 бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Апелляциялық комиссия туралы ереже бекітілсін.
2. "Апелляциялық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 87 бұйрығының күші жойылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет Вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің м.а.*

*Н. Пан*

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің м.а.  
2018 жылғы 4 тамыздағы  
№ 1221 бұйрығымен  
бекітілген

## Апелляциялық комиссия туралы ереже

1. Апелляциялық комиссия туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Қазақстан Республикасының Патент заңы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына және "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 05.07.2022 № 549 бұйрығымен.**

2. Апелляциялық комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, халықаралық шарттарды, өнеркәсіптік меншік саласын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) апелляциялық комиссия - жеке және (немесе) заңды тұлғалардың патенттік сенім білдірілген өкілдердің қолданыстағы өнеркәсіптік меншік саласындағы заңнаманы бұза отырып жасаған іс-әрекеттеріне шағымдарын қарайтын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің алқалы органы;

2) сараптама ұйым - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

3) тараптар - апелляциялық комиссияның отырысына қатысатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар, сонымен қатар патенттік сенім білдірілген өкілдер;

4) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі - Министрлік).

4. Апелляциялық комиссия:

1) Министрлікке келіп түсетін жеке және заңды тұлғалардың патенттік сенім білдірілген өкілдердің қолданыстағы заңнаманы бұза отырып жасаған іс-әрекеттеріне шағымдарын қарайды;

2) өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты тараптардан сұрайды және алады;

3) дауларды қарау үшін мемлекеттік органдардың және сараптама жасау ұйымының тиісті бейіндегі мамандарын тартады, сондай-ақ қажет болған жағдайда жұмыс кездесулерін ұйымдастырады;

4) апелляциялық комиссияны отырыстарында тараптардың өкілдерін тыңдайды.

5. Апелляциялық комиссияның құрамын Қазақстан Республикасы Әділет министрінің (не оның орнын алмастыратын тұлғаның) бұйрығымен бекітеді және ол Министрліктің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің кемінде бес қызметкерлерінен құралады.

6. Апелляциялық комиссияны Министрліктің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің директоры немесе оның міндетін уақытша атқарушы тұлға басқарады, ол апелляциялық комиссияның төрағасы болып табылады.

7. Апелляциялық комиссияның төрағасы:

1) оның қызметін басқарады;

2) апелляциялық комиссия отырысының кестесін, сондай-ақ апелляциялық комиссия отырыстары өткізілетін орны мен уақытын белгілейді;

3) апелляциялық комиссияның отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді.

8. Апелляциялық комиссия отырыстарының материалдары апелляциялық комиссия төрағасымен келісілгеннен кейін отырысты өткізу күніне дейін бес жұмыс күннен кешіктірілмей апелляциялық комиссияның әрбір мүшесіне жеткізіледі.

9. Апелляциялық комиссияның жұмыс органының функциялары Министрліктің Зияткерлік меншік құқығы департаментінің Апелляциялық кеңестің, тауар таңбасын жалпыға бірдей белгілі деп тану, аттестациялық және апелляциялық комиссиялардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі басқармасына жүктеледі.

10. Апелляциялық комиссияның хатшысы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

Апелляциялық комиссияның хатшысы апелляциялық комиссияның отырысын өткізуді, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындауды, талаптарды хабарлауды және отырыс өткізілгеннен кейін шешім жобаларын ресімдеуді жүзеге асырады.

11. Апелляциялық комиссияның отырыстары оның кемінде 2/3 мүшелері қатысса, заңды болып саналады.

12. Патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасының ұсынысы бойынша немесе патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекеттеріне жеке және (немесе) заңды тұлғаның шағымы келіп түскен жағдайда уәкілетті орган уәкілетті орган қызметкерлерінің тақ санынан апелляциялық комиссия құрады. Патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасының ұсынысы бойынша немесе патенттік сенім білдірілген өкілдің әрекеттеріне жеке және (немесе) заңды тұлғаның шағымы келіп түскен шағымын қарау кезеңінде патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігінің қолданылуы тиісті шешім қабылданғанға дейін мән-жайларды анықтау мақсатында аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімімен үш ай ішінде тоқтатыла тұрады, бұл туралы патенттік сенім білдірілген өкілдер тізілімінде белгі жасалады.

Жеке және (немесе) заңды тұлғаның шағымын қарау немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасының ұсынуы нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін кері қайтарып алу және патенттік сенім білдірілген өкілдер тізіліміне тиісті жазба енгізу;

2) жеке және (немесе) заңды тұлғаның шағымын немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасының ұсынысын қанағаттандырудан бас тарту.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 05.07.2022 № 549 бұйрығымен.**

13. Апелляциялық комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады, хаттамамен ресімделеді және сотқа шағым жасалуы мүмкін.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 05.07.2022 № 549 бұйрығымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК